

Қайырымдылық акциялары

Жаңа үшінші мыңжылдықтың, табалдырығын аттар сәтте тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына ауданның елді-мекендерінде қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып адрестік көмек көрсетілді. Жакында аудан орталығында 29, Акадыр поселкесінде 33 Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен аудан әкімінің кездесу кештері өткізіліп, Ұлы Жеңістің 55 жылдық торқалы тойы Қарсаңында ардагерлерге сый-сыяпат, құрмет көрсетіліп, ас берілді.

Кездесуде аудан әкімі К. Сарханов сөз сөйлеп, ардагерлер отбасына тыныштық, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі,

Ардагерлер болса аудан әкімінің жылы лебізіне дән ризашылық сезімдерін білдірді.

Осындай жылы жүзді кездесулер аудандағы іргелі кәсіпорын—Ақжал поселкесіндегі «Жаңа мырыш» жауапкершілігі шектелген серік тестікте де өткізілді.

Серіктестіктің, бас директо

ры М. Бадановтың инициативасымен 1500 оқушыға жаңа жылшыршасына арнап әрқайсына 300-400 теңгелік сыйлық берілді. Сондай-ақ кәсіпорын басшысы тұрмыс деңгейі төмен 67 отбасы балаларына үшінші мыңжылдықты аттар сәтте 3000 теңгеден қайырымдылық көрсетуді ұйғарды.

Жаңа жыл қарсаңында аудан мекемелерінің қызметкерлері аудан орталығынан шалғайда жатқан Жамбыл поселкесінің тұрғындарына көмек ұйымдастыруды қолға алып, аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі арқылы 10 қап ұн және 27 мың теңге ақшалай көмекті арнайы құрылған комиссия апарып тапсырады.

Сондай-ақ Ақшатау поселкесінде «Агропромстрой» кәсіпорнын да үшінші мыңжылдықты салтанатты қарсы алу да қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, тұрмысы төмен отбасыларына көмек көрсетілді.

С. АЙНАТАЙҰЛЫ.